

2022-2023 оқу жылына Гуманитарлық колледжіне ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын гуманитарлық колледжге (бұдан әрі – Колледж) оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 «Үлгілік білім туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 311 бұйрығына техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидалары, жана қағидалар бойынша жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.06.04 № 276 бұйрығына сәйкес оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.
2. Колледжге негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім беру қажеттілігі ерекше тұлғалар құжатпен (куәлік, аттестат) қабылданады.
3. Колледжге оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген адамдар үшін қабылдау квотасы көзделеді. Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.
4. Колледжге оқуға өтініштерін қабылдау күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 15 тамызына дейін жүзеге асырылады.
5. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не «Электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.
6. Түсу үшін құжаттарды кәmelетке толғандар жеке өзі, кәmelетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

II. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжге оқуға қабылдау тәртібі

Құжаттарды қабылдауды және конкурстық негізде өткізуді ұйымдастыру

1. Колледжге оқуға өтініштер қабылдау, конкурс өткізу және білім алушылардың құрамына қабылдау үшін бас директормен қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 25 маусымнан бастайды
2. Колледжде арнайы дайындықты талап ететін педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы емтихандар өткізу үшін күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірмей емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына колледждің арнайы пәндер оқытушылары, қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік серіктестері кіреді. Емтихан комиссиясының құрамы «Бөбек» ҰҒПББСО Бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

3. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.
4. Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері, егер олардың отырыстарына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау және / немесе емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
Қабылдау және / немесе емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио - немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе бейнежазба колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.
5. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім базасында ақылы негізде өтініштерді қабылдау, арнайы емтихандар өткізу, конкурс және адамдарды оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес колледжде жүзеге асырылады.
6. Қабылдау комиссиясының құрамына қабылдау комиссиясының төрағасы, жауапты хатшысы, мүшелері кіреді.
7. Колледжге оқуға адамдардың өтініштерін қабылдау мамандықтар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша 25 маусымнан 15 тамызға дейін жүзеге асырылады:
11 сынып негізінде 2 жыл 10 ай оқу мерзімімен:
Мамандық: 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»
Біліктілік: 4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі».

- 9 сынып негізінде 3 жыл 10 ай оқу мерзімімен:**
Мамандық: 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
Біліктілік: 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»; 3S01120101 «Тәрбиешінің көмекшісі» / оқу мерзімі – 1 жыл 10 ай/
Мамандық: 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»
Біліктілік: 4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі»;
4S01140102 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі».

- Мамандық: 01140700 «Информатика»**
Біліктілік: 4S0110701 «Бастауыш және орта білім берудің информатика мұғалімі».
8. Колледжге оқуға түсу туралы өтінішке қоса талапкерлер береді:
 - Білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
 - ҰБТ/КТ сертификаты;
 - № 075-У нысаны бойынша флюоросурет қосымшасымен медициналық анықтама;
 - № 063 нысан бойынша Медициналық анықтама (тек I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін – медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);
 - 3x4 өлшемді 6 фотокарта ;
 - түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттар (көшірмелері, түпнұсқалары түсуге арналған құжаттарды тіркеу кезінде жеке ұсынылады);
 - тіркеу куәлігінің көшірмесі (ұлдар үшін);
 - Бала паспорты;
 9. Колледжге мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға түсетін адамдар арнайы емтихан тапсырады. Арнайы емтихандарды өткізу үшін педагогикалық ахуалдың шешімін ПЦК әзірлейді және колледж басшысы бекітеді.
 10. Арнайы емтихандар күнтізбелік жылдың 16-25 тамызы аралығында негізгі орта білім беру базасында және жалпы орта білім беру базасында оқуға түсушілер үшін өткізіледі.
 11. Педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы емтихан «жіберілді/жіберілмеді» нысанында бағаланады. «Жібермеуді» алған адамдар конкурсқа жіберілмейді.

12. Арнайы емтиханның қорытындылары бағалау ведомосімен ресімделеді. Арнайы емтихандар мен әңгімелесу өткізу кезеңінде аудио, бейнежазба жүргізіледі, ол колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.
13. Арнайы емтиханның, сондай-ақ конкурстың нәтижелері өткізілген күні колледждің ақпараттық стендтерінде жарияланады және орналастырылады.
14. Арнайы емтихандардың нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және Даулы мәселелерді шешу мақсатында оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау үшін «Бөбек» ҰҒПББСО бас директорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің так санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы колледж педагогтары қатарынан құрылады.
15. Емтихан нәтижелерімен келіспеген талапкер апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш беруші қатысатын апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.
16. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.
17. Негізгі орта білім беру базасында және жалпы орта білім беру базасында оқуға түсетін тұлғалар арасында Конкурс мемлекеттік тапсырыс бойынша күнтізбелік жылдың 26-28 тамызы аралығында, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 26-31 тамызы аралығында өткізіледі.
18. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша бейінді пәндердің тізбесі 2021.06.04 № 276 Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.
19. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) осы Қағидаларға 2021.06.04 № 276 олардың жалпы санына 4,5-қосымшаға сәйкес пәндер/пәндер үшін бағалар, арнайы емтихандар бағалары сомаларының орташа мәні ретінде айқындалады.
20. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квоталық санат ескеріледі.

III. Білім алушылар қатарына қабылдау

1. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына күндізгі оқу нысанына қабылдау «Бөбек» ҰҒПББСО бас директорының бұйрығымен күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін жүргізіледі.
2. Білім беру ұйымдарына қабылдау Қабылдау комиссиясының ашық отырысында кәсіптер, мамандықтар бойынша бөлек жүргізіледі.
3. Білім беру ұйымдарына қабылдау Қабылдау комиссиясының ашық отырысында кәсіптер, мамандықтар бойынша бөлек жүргізіледі.
4. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиясы колледжге түсушілердің назарына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін гуманитарлық колледждің ақпараттық стендтеріне орналастыру арқылы жеткізеді.

Техникалық және кәсіби,
орта білімнен кейінгі білім берудің
білім беру бағдарламаларын жүзеге
асыратын білім беру ұйымына оқуға
қабылдаудың Үлгілік қағидаларына
4-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
мамандықтарының
бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі**

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды	Мамандық атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		негізгі орта білім беру базасында (негізгі жалпы)	орта білім базасында (жалпы орта)
011 Білім			
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу
01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу
01140700	Информатика	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтауға, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешуге арналған әңгімелесу

Техникалық және кәсіби,
орта білімнен кейінгі білім берудің
білім беру бағдарламаларын жүзеге
асыратын білім беру ұйымына оқуға
қабылдаудың Үлгілік қағидаларына
5 қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары
үшін бейіндік пәндердің тізбесі**

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды	Мамандық атауы	Бейіндік пәннің атауы:			
		негізгі орта білім (негізгі жалпы)	орта білім (жалпы орта)		
011 Образование					
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология	Биология	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)
01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Әдебиет немесе шет тілі (біліктілігіне байланысты)	Биология	Әдебиет немесе шет тілі (біліктілігіне байланысты)	Биология
01140700	Информатика	Алгебра	Информатика	Алгебра және анализ бастамалары	Информатика